

Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының хаттамасы №4

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ

Өткізілген күні: 14.05.2021ж.

Төрайымы: Қ.Қуанышбекова

Хатшы: К.Жантұрсынова

Қатысқандар: 40 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Педагог бейнесі.

М.Мусеева

2. Өзінді-өзің тәрбиелеу жолдары.

Қ.Қуанышбекова

3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптары.

Н.Б.Желибаева

Тыңдалды:

Сөйледі І.І: М.Мусеева-кеңес мүшесі

Ахмет Байтұрсынов өз сөзінде : «Мұғалім әдісті көп білуге тырысу керек, оларды өзіне сүйеніш, қолтабыс нәрсе есебінде қолдану керек» , - деген пікірі маңызды деп есептеймін. Себебі, әрбір мұғалім өз пәнін сүйетін, әрбір оқушының жүрегіне жол таба білетін, оқушыларды өздігінен білім алуына және сабаққа жеген қызығушылығын арта түсінуіне жол аша білетін өз ісінің шебері болуы тиіс.Тәуелсіз Қазақстанда өркениетке бастар жолдың бастауы мектеп десек, мектептің басты тұлғасы, жүрегі – мұғалім. Жаһандану заманында ұлттық бәсекеге қабілетті болудың көрсеткіші білім деңгейімен есептеледі. Сондықтан, әлемдік білім кеністігіне кірігіп, білім беру жүйесін халықаралық биікке көтеру кезек күттірмейтін өзекті мәселе. Әрине, бұл мәселені шешудің кілті-ұстаздардың қолында.Тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев : «Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер – бүгінгі мектеп оқушылар, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан, ұстазға жүктелетін міндет ауыр», - деген еді. Ұрпаққа тәрбие беру, білім нәрімен сусындату – екінші бірінің қолынан келе бермейді. Сол себептен, ұстаз болу – жүректің батырлығы деп бағалауға болады.Қазіргі ақпаратты қоғамда мұғалім бейнесі де, оны оқушылардың қабылдауы да үлкен өзгеріске ие болып отыр. Қоғамның жылдам өзгеруінен болар, үнемі жаңашылдықты, өзгерісті мұғалімдер де , жас ұрпақ та талап етіп тұрады. Қазіргі оқушы білім беруші ұстазының тек ақпаратты жеткізуші, тәрбиеші ғана емес, сонымен қатар, жаңашыл көзқарасты тұлға, кеңесші , қолдаушы, олардың жан дүниесін түсінетін жантанушы ретінде көргілері келеді. Оқушылардың сүйіспеншілігін арттыру мақсатында сабақ барысында тиімді әдіс-тәсілдерді енгізіп, оның ұйымдастыру формасын түрлендіріп отыру – мұғалімнің басты міндеті екені белгілі. Мұндай жағдайда мұғалімнің шеберлігі , ұйымдастырушылық қабілеті үлкен рөл атқарады. Мектеп оқушылары үшін мұғалім олардың еліктейтін , үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына , сөйлеу мәнеріне еліктейді. Сондықтан да жауапкершілігі мол , адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай ұстаздар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады. Осылайша, заманауи мектеп мұғалімі қазіргі қоғам талаптарын ескеріп, өзінің алдына педагогикалық міндеттерід шеш білетін, оқыту мен тәрбиенің озық технологияларын меңгерген , білім беру үрдісін басқара алатын , бәсекеге қабілетті , шығармашыл тұлға болуы қажет.Мұғалімдік қызмет әрбір оқушының , жас ұрпақтың, қоғам мен мемлекеттің тағдыры үшін жауап беретіндігімен сипатталады.Қазіргі білім беру саласы қызметкерлерінің алдында тұрған басты проблема – жаңа формацияның жаңа ұстазын қалыптастыру.Ендеше, ХХІ ғасырдың нағыз ұстазы, яғни заманауи педагог бейнесі ізденуші, зерттеуші, технолог, өнертапқыш, шығармашылықпен жұмыс істейтін жаңашыл болу керек. Кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан , жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, ізгілігі мол , әр іске жаңашылдықпен , үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, өмір бойы білім алуға дайын, ақпараттық технологияларды толық меңгерген толыққанды құзырлы тұлға.

Сөйледі 2.1: Қ.Қуанышбекова-кеңес торабымы

Өзін-өзі тәрбиелеу және кәсіби өзін-өзі жетілдіру жұмысына кіріспес бұрын бастаушы мұғалім ең алдымен өз жұмысының қандай бір мерзіміне сараптамасы болуы керек, оның дұрыс бағалануына және өз жұмысын одан әрі жетілдіруге деген жетекшісінің ұсынысы болуы керек. Өзінің әрекетінің қорытындысын сараптай отырып мұғалім рефлексия жасайды онсыз білім беру процесінің заңдылығын түсіну мүмкін емес, педагогикалық шеберлікке бастайтын қозғалыс жоқ. Кәсіби өзін-өзі дамытудың бастапқы компоненті өздігінен білімін көтеру болып табылады, біз бұл жерде «мақсатты түрдегі жалпы адамдық құндылықтарды әдістемелік және арнайы білім арқылы, кәсіби ептілігі мен дағдысы арқылы игеру бойынша педагогтың танымдылық әрекеті». «Орыс оқытушыларының оқытушысы» деген атақ алған К.Д. Ушинский оқытушы оқу барысында ғана өмір сүреді деп санаған, қазіргі кезеңгі белгілі ғалымдардың бірі Д.С. Лихачев жастарға «Үнемі оқу керек. Барлық ірі ғалымдар тек қана біреуді оқытып қойған жоқ өздері де оқыды. Оқуды тоқтатқан күні – оқыта да алмайсың. Себебі білім үнемі өсіп жетіліп отырады» деген. Өзін-өзі жетілдіру білімі мен тәжірибесі өзін-өзі тәрбиелеудің алғышарттарын құрайды, ол өз кәсіби жекелігін дамытудағы үш бағытын меңзейді: А) өзінің жеке-қайталанбайтын ерекшелігін педагогикалық әрекеттер талаптарына бағыттау; Б) кәсіби компетенттігін үнемі арттырып отыру; В) жеке тұлғаның әлеуметтік-адамгершіліктік басқа да қасиеттерін үнемі арттырып отыру.

Сөйледі 3.1: Н.Б. Желибаева – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Бүгінгі жаһандану заманында жас ұрпаққа әлемдік стандартқа сәйкес білім беру мәселесі республикамызда ғылыми педагогикалық тұрғыда ізденіспен әлемдік жинақталған тәжірибеге отандық қол жеткен табыстарды саралай отырып, ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып тәрбиелеуді жанаша ұйымдастырумен көкейкесті мәселе болып отыр. Біздің ең басты мақсатымыз сапалы білім, саналы тәрбие беру. Мұғалім өзіне жүктелген осы абыройлы міндетті жүзеге асыру жолында қолданатын қарым-қатынас, амал-тәсіл, әдістер құрамынан этика елеулі орын алады. ЭТИКА- әдеп мәдениетін теориялық тұрғыдан сараптайтын философиялық ұғым. Педагогикалық әдеп этика ғылымының бөлігі болып табылады. Педагогикалық әдеп – мұғалім әрбір нақты жағдайда оқушыларға тәрбиелік әсер етудің бірден-бір тиімді құралын қолданатын арнайы педагогикалық іскерлік. Педагогикалық әдепке оқушылар жүрегіне педагогикалық жол табу деген анықтама беруге болады. Оны оқушылардың сыртынан бақылау жүргізу деп те атауға болады, өйткені педагогикалық әдептің этика, К.Д. Ушинскийдің айтқанындай, - түптеп келген психологиялық әдеп. Ұстаз этикасы – мұғалім мен бала, ата-ана мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас. Педагогикалық этика – ұжым ішінде, мұғалімдер арасында басталып, өзінің заңды жалғасын сыныптарда табуы тиіс. Педагогика және педагогтық этика үшін кәсіптік этиканың жекелеген мәселелері, олардың мұғалімнің жеке басына қоятын: кәсіпті сүю, баланың жеке басын құрметтеу, принципшіл әрі талапшыл болу, көп нәрсені білу және жасай білу, озық идеяларды, білімдерді насихаттаушы болу сияқты талаптар жөнінде бұрынғы өткен прогресшіл педагогтың айтқандарының үлкен маңызы бар. XIX ғасырдағы орыс педагогтарының қосқан ерекше үлесін атап өтпеуге болмайды. Сондай-ақ, В.Г.Белинскийді, Н.Г.Чернышевскийді, Н.А. Добролюбовты, А.И.Герцинді атамасқа болмайды, олар үшін мұғалімнің жоғары адамгершілік деңгейі, олардың қоғамдағы өз қызметін саналы түсінуі, азаматтық міндетті нормаға айналды. Моральдық тәрбие – жан-жақты және үйлесімді дамыған адамды қалыптастырудың пәрменді құралы. Адамгершілікке тәрбиелеу ісінің тек өзіне ғана тән ерекшеліктері мен заңдылықтары болғандықтан, оның ғылыми негізделген жүйесі жасалуға тиіс. Бұл маңызды да құрметті міндет педагогика және этика ғылыми өкілдерінің ынтымағы нәтижесінде ғана жүзеге асуы мүмкін. Кәсіптік этиканың ережелері мен принциптері бірнеше кәсіптерді қамтуы мүмкін. Мысалы, педагог этикасы мектептерді, орта арнаулы және жоғары оқу орындарында істейтін адамдардың қарым-қатынастары ұжымдағына байланысты оларды реттейтін жалпы нормаларды қарастырады.

Біріншіден, қоғамдық қатынастардың адамдардың жүріс-тұрысымен, олардың жақсылық пен жамандық, бұрыш, абырой, әділдік туралы көзқарастарына сәйкес бір-біріне, қоғамға, мемлекетке, отбасына, ұжымға деген қатынасымен байланысты жақтарын көрсетеді.

Екіншіден, этикалық категориялар бағалаушылық аксиологиялық сипатқа ие. Басқаша айтқанда, олардың барлығын жақсылық пен жамандық, қайрымдылық пен зұлымдық тұрғысынан бағалауға болады, ал олардың өздері осы бағалаудың нысаны ретінде көрініс табуы мүмкін: адал, тәртіпті, әділ, жауапкершілігі мол адам т.б.

Үшіншіден, адамдардың жүріс-тұрыстары мен қарым-қатынастарын реттеу құралы болып табылады, қоғамның адамгершілік талаптарын көрсетеді.

Төртіншіден, басқа да адамгершілік құрылымдар: қағидалар, нормалар, талаптар, ережелер және т.б. сияқты этика категорияларының беделі мен маңыздылығы қоғамдық көзқарастың немесе жеке тұлғаның өзіндік санасының күшіне негізделеді.

Бесіншіден, этика категорияларында, басқа ғылымдардың категориялары мен түсініктерімен салыстырғанда, қоғамдық қатынастардың эмоционалдық жағы мейлінше кең көрініс тапқан. Этикалық категориялар саны жағынан өте көп, сондықтан ғылыми және тәжірибелік максаттарда оларды топтарға бөлу орын алған. Барлық категориялардың жиынтығын көп жағдайда моральдың құрылымының негізінде бөледі. Олар, моральдық сана, адамгершілік қатынастар, моральдық тәжірибе.

Этиканың категориялары бір-бірімен тығыз байланысты және олар бір-бірінің мазмұнын ашады. Яғни, белгілі бір этикалық категорияның мазмұнын екінші бір этикалық категорияны пайдалану арқылы ашуға болады. Мысалы, абырой категориясын жауапкершілік, тәртіптілік, батылдық, ержүректілік және т.б. категорияларды пайдалану арқылы ғана түсінуге болады. Ержүректілік категориясының мазмұны батылдық, шыдамдылық, қажырлылық, қайраттылық және т.б. категориялардың көмегімен ашылады. Әділдік категориясын адамсүйшілік, шыншылдық, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік және т.б. категорияларсыз түсіну мүмкін емес.

Жоғарыда аталған үш топтың категорияларын жеке-жеке талдап көрейік. Бірінші топ – моральдық сана категориялары. Оларға мыналар жатады: моральдық қағида, моральдық норма, моральдық немесе этикалық категория, моральдық сенім, адамгершілік максат, моральдық таңдау және т.б. Екінші топ категориялары – бұл адамгершілік қатынастар категориялары. Оларға мыналарды жатқызуга болады: адамгершілік өзара әрекеттер, адамгершілік шиелініс, моральдық бедел және т.б. Бұл қатынастардың адамгершілік деп бағалануының себебі мынада: олар достық, серіктестік, сенім, сыйластық және т.б. моральдық бағалаулармен сипатталады.

Үшінші топ категориялары – бұл моральдық тәжірибе немесе функционалдық жүріс-тұрыс категориялары. Оларда тұлғаның белгілі бір моральдық қасиеттерді тәжірибеде, күнделікті өмірде жүзеге асыру үрдісі көрініс табады. Мұндай категориялардың қатарына мыналар жатады: моральдық әрекет, моральдық салдар.

Сөз алғандар:

Б.Әбдідина- математика пәні мұғалімі


Кез келген педагог бейнесі атына сай болуы тиіс. Әркім еш уақытта өзін – өзі тәрбиелеп, шыңдауға, кәсіби дамытуға кеш емес екендігін сезінулері тиіс. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы іс-әрекеті үнемі назарда және сынға түсетіндігін әрқайсысы ескергендері жөн.

Қаулы етілді:

1. Педагогтардың бейнесі үнемі назарға алынсын.
2. Педагогтардың өзін – өзін тәрбиелеу мақсатында тренингтер, іс-шаралар жүргізілсін.
3. Педагогтардың әлеуметтік желіде, қоғамдық орындардағы этикалық талаптардың орындалысы бақылауға алынсын.

Торайымы:

Хатшы:



К.Қуанышбекова

К.Жантүрсынова